



ӘЛЕУМЕТТАНУ НЕГІЗДЕРІ

Білім

The background of the lower half of the page is a vibrant, abstract composition of numerous overlapping, semi-transparent geometric shapes. These shapes, primarily triangles and polygons, are scattered across the space, creating a sense of movement and depth. The color palette is diverse, including shades of light blue, pale yellow, soft pink, muted purple, and various tones of teal and green. The overall effect is a dynamic and modern visual texture.



Дәрістің мақсаты: білім және оның әлеуметтік тұрақтылық пен өзгерістерге ықпалын, білімге қатысты теориялық көзқарастарды, білім мен теңсіздіктің арақатынасын қарастыру.

Негізгі терминдер: білім, креденциализм, бақылау.

Білім беруге қатысты теориялық көзқарастар

Білім берудің құрылымдық-функциялық үлгісі бойынша, білім беру көптеген әлеуметтік сұраныстарға сай болуы керек. Ол жастарды үлкен мәдени бірлестікке біріктіреді, білім беріп, белгілі бір дағдыларды қалыптастырады және әлеуметтік өзгеріске себеп бола алады.

Конфликт теориясы бойынша, білім беру стратификация құрылымын төрт механизм арқылы қолдап, жүзеге асыруға көмектеседі. Олар: теңсіздікке мойынсұнатын жұмыс күшін оқыту (астыртын оқу бағдарламасы), элита өкілдерінің балаларына жақсы жұмыс орындарын сақтау үшін креденциализмді қолдануы, басым мәдениетті сақтау және кедей топтардың білім алу мүмкіндіктеріне қол жеткізуін қамтамасыз ету.

Символдық интеракционистер білім беруде теңсіздік туғызатын процестерді зерттейді. Бұл процестің негізгі элементі – элиталық сабақтастық және балалардың мәдени капиталындағы айырмашылық, екеуі де кедей студенттердің жағдайын жақсартуына жол бермейді.

Білім беру саласындағы қазіргі қайшылықтар

Бақылау қабілеті мықты оқушылар үшін пайдалы болғанымен, қабілетті төмен оқушыларға кері әсерін тигізеді. Аса маңызды тестілеу білім сапасын арттырады, бірақ оқу бағдарламасын қысқартып, тек тестілеу дағдыларын дамытуға көңіл бөлуге мәжбүрлейді. Мектепті таңдау оқушылар мен ата-аналарға үлкен мүмкіндік береді. Бірақ теңсіздікті нығайтып, мемлекеттің қолдауын азайтады.

Жоғары білім алу толықтай ақталады, себебі кейін табысы жоғары, жақсы жұмысқа орналасады, жұмыссыз қалу ықтималдығы сирейді. Сонымен қатар қаржылай артықшылық болмаса да, ұзақ өмір сүру сияқты мүмкіншілік береді.

Білім – ресми оқу жүйесіне жауапты институт.

Креденциализм – айрықша білімі туралы куәлігінің арқасында ғана біреулерді басқалардан жоғары деп санау.

Бақылау – баланың оқу бағдарламасын меңгергенін немесе әлі де түсінуі қажет тұстары барын ертерек анықтау үшін бағалау.

Дербес жұмыстарға арналған тапсырмалар

1. Білім берудің әлеуметтанулық перспективаларын салыстырып, талдаңыз.
2. Креденциализм түсінігіне анықтама беріңіз және дәлелді мысалдар келтіріңіз.

Бақылау және талқылау сұрақтары

1. Білім мен сауаттылықтың маңыздылығы неде? Ресми білім берудің айқын және астыртын қызметтері қандай?
2. Балаңыз немесе іні-жиендеріңіз үшін қандай мектепті таңдар едіңіз және неліктен?
3. Білім мен теңсіздіктің арасындағы байланыс қандай?



Қосымша әдебиет және ақпарат көздері

1. Ритцер Дж., Степницки Дж., Әлеуметтану теориясы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – 856 бет.
2. Бринкерхоф Д., Уэйтс Р., Ортега С., Әлеуметтану негіздері. 9-басылым. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 464 б.
3. Мертон Р., Социальная теория и социальная структура. – М.: АСТ: АСТ МОСКВА: ХРАНИТЕЛЬ, 2006. – 873 с.
4. Смелзер Н., Социология. – М.: Феникс, 1994. – 688 с.
5. Bourdieu P., Distinction: A Social Critique of the Stratification of Taste. Cambridge, MA.: Harvard University Press, 1984.